

Импортқа шығарылатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар алып өтетін акциз салуға жатпайтын тауарлардың нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 819. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1748 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж, N 6, 43-бап) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 15 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары 1-қосымшаға сәйкес белгілесін.

2. Акциздеуге жатпайтын акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан жеке тұлғалардың алып өтеу нормалары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3-қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

4. 2 және 3-тармақтар осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін. < * >

ЕСКЕРТУ. Қаулы 4-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.06. N 967 қаулысымен.

5. Акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкасы (коды 271000610, 271000650 және 271000690) осы қаулы жарияланған күннен бастап қолданылады.

Осы қаулы жарияланған күнге дейін жасалған контрактілер бойынша әкелінген және толығымен төленген көрсетілген тауарларға қатысты акциз ставкасы кеден құнының 5 проценті мөлшерінде қолданылады.<*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы 5-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.28. N 1061 қаулысымен.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 28 маусымдағы
 N 819 қаулысына
 N 1 Қосымша

**Қазақстан Республикасының кеден аумағына
 әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған
 Акциздердің ставкалары**

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды	Тауарлардың атауы	Кедендік құнға және бірлік өлшеміне байланысты экю-дегі<*> процентпен есептегендегі акциздердің ставкалары
---	-------------------	--

1	2	3
---	---	---

<*> Ескерту. Экю кедендік төлемдерді төлеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің бағамы бойынша кеден заңында белгіленген күні теңгемен қайта есептеледі.

0301,0302,0303	Бекіре және қызыл балық	100
0304,0305,1604-дерден <***>	бекіре және қызыл балық уылдырығы, бекіре және қызыл балықтан дайындалған жеңістік тағамдар және уылдырықтар	

2203 00	Сыра	0,2 экю/литр
---------	------	--------------

2204/2204-30	Шараптар, шампан	0,8 экю/литр
басқа 2205, 2206-дан <***>	Шарап материалдары	шараптары. 0,1 экю/литр

2207,2208-ден<***>	Спирттің барлық түрлері<***>	3,5 экю/литр
	Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдары, коньяктар	
2402 <***>	Темекі бұйымдары, құрамында	3,0 экю/литр

271000330, <*> 271000350-ден	Бензин (авиациялықты қоспағанда)	20
271000610, <*> 2 7 1 0 0 0 6 5 0 , 2 7 1 0 0 0 6 9 0 - н а н	Дизель отыны	8
420310000-ден<*>	Табиғи теріден тігілген киімдер	50
4301,4302,4303, 650692000-ден<*>	Өңделген және өңделмеген мех терілері (көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой терісінен басқа) пальтоны,шолақ пальтоны,кеудешені, жамылғыны, палантинді, боа-ны, бөкебайды, бас киімдерді және жамылғыларды қосқанда табиғи мехтардан жасалған бұйымдар, тондар, пластиндер (көртышқан, үй-қояны, ит, бұғы, қой терісінен басқа) пальтолар, шолақ пальтолар, жакеттер, жамылғылар мен мех сырмарын қолдану арқылы (көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой терісі мехтарынан басқа)	50
701321,701331, 701391, 940510500-ден<*>	Хрустальдан жасалған бұйымдар хрустальдық жарық беретін аспаптар	50
7113, 710239000, 7114,7116-дан**	Алтыннан,платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар <*>	40
9303,9304 9305-тен<*>	Оқпен атылатын және газ қаруы (мемлекеттік өкімет	40

органдарының мұқтажы үшін
алынғандардан басқасы)

<*> Ескерту. Тауарлардың номенклатурасы СЭҚ ТН кодымен де,
тауарлардың атауымен де белгіленеді.

<***> Ескерту. Ликер-арақ өнімдерін, күшейтілген сусындар, күшейтілген
шараптар, шарап, бальзам өндіруге арналған спирттің барлық түрлері, аталған
өнімдерді өндіруге құқық беретін лицензиялары болған кезде тауар
өндірушілерге акциздер төлемей босатылады.

Е с к е р т п е :

Акциз ставкалары сондай-ақ (Коды 220300,2204 (220430), 2205, 2206, 2207,
2208, 2402), шыққан жері тәуелсіз Достастыққа мүше - мемлекеттер болып
табылатын және осы аталған мемлекеттерден импортталатын акцизделетін
өнімдерге қолданылады.

Акциз ставкалары 1996 жылдың 15 шілдесіне дейін жасалған және
толық ақы төленген контрактілер бойынша әкелінетін аталған тауарларға
қатысты қолданылмайды. <*>

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымшадағы ескертпе толықтырылды - ҚРҰ-нің
1996.08.06. N 967 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.28.
N 1061 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 28 маусымдағы

N 819 қаулысына

N 2 Қосымша

**Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден
шекарасы арқылы акциз салынуға жатпайтын акцизделетін
тауарларды
Алып өту нормалары**

Сыртқы экономикалық| Тауарлардың атауы | Алып өту нормалары
қызметтің тауарлық | | ((бір адамға есептегенде)
номенклатурасының | | |
к о д ы | | |

1

2

3

0301,0302,0303, Бекіре және қызыл балықтар, 3 кг(нетто) <*>

0304,0305,1604-тен бекіре және қызыл балықтардың уылдырықтары, бекіре және қызыл балықтардан дайындалған жеңістік тағамдар және уылдырықтар

2203 00 Сыра 5 литр <*>

2204(2204-30-дан Шараптар, шарап материалдары, 5 литр<*>
басқа)2205,2206, шампан шараптары, коньяктар,
2207,2208-ден спирттің барлық түрлері,
күшейтілген сусындар,
күшейтілген шырындар мен
бальзамдар, ликер-арак
бұйымдары

2402 Темекі бұйымдары, басқа да 1000 дана
құрамында темекі бар бұйымдар

271000330, Бензин (авиациялықты қоспағанда) 100 литр
2 7 1 0 0 0 3 5 0 - д е н

271000610, Дизель отыны 150 литр<*>
2 7 1 0 0 0 6 5 0 ,
2 7 1 0 0 0 6 9 0 - н а н

420310000 Табиғи теріден тігілген киім 3 зат (жиынтық)

4301,4302,4303, Өңделген және өңделмеген мех 3 зат
650692000-ден терілері (көртышқан, үй қояны, (жиынтық)
ит. бұғы, қой терісінен басқа)
пальтоны, шолақ пальтоны,
кеудешені, жамылғыны, палантинді,
боаны, бөкебайды, бас киімдерді
және жағаларды қосқанда табиғи
мехтардан жасалған бұйымдар,
тондар, пластинден (көртышқан,
үй қояны, ит, бұғы, қой терісінен
басқа) пальтолар, шолақ

пальтолар, жакеттер, жамылғылар,
мех сырмаларын қолдану арқылы
(көртышқан, үй қояны, ит, бұғы,
қой терісі мехтарынан басқа).

701321,701331, 701391, 9 4 0 5 1 0 5 0 0 - д е н	Хрустальдан жасалған бұйымдар хрустальдық жарық беретін	3 жиынтық<*> (сервиз) аспаптар
--	--	--------------------------------------

7113,710239000, 7114,7116-дан	Алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған	5 зат <*> зергерлік б ұ й ы м д а р
----------------------------------	--	---

9303,9304, 9305-тен	Оқпен атылатын және газ қаруы (мемлекетті өкімет органдарының мұқтажы үшін алынғандардан	1 бірлік <*> б а с қ а с ы)
------------------------	--	---------------------------------

<*> Ескерту. Аталған норма сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды бойынша бөлінбестен әкелінетін тауарлардың жалпы көлеміне белгіленеді. Әкелінетін тауарлар, әкелінетін норма көлемінде, акциздер салынуға жатқызылмай салық төлеушінің қалауы бойынша белгіленеді.

Тауарлардың номенклатурасы СЭҚ ТН кодымен де, тауарлардың атауымен де белгіленеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы

№ 8 1 9 қ а у л ы с ы н а

№ 3 Қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған
кейбір шешімдерінің**

Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлардың кейбір түрлеріне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі № 513 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж, № 13, 159-бап).

2. "Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы акцизделуге жатпайтын акциздік тауарларды алып өту нормалары

туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 маусымдағы N 798 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 20, 230 - бап) .

3. "Импортқа шығарылатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің ставкалары және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалар алып өтетін акциз салуға жатпайтын тауарлардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 960 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 24, 276-бап).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 960 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 қазандағы N 1397 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 33, 420-бап).

5. "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1439 қаулысының 2-3 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 34, 433 - бап) .

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 341 қаулысының 1-тармағы.